

Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 шілдедегі № 21-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 шілдеде № 2952 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 3-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 22.06.2016 № 3-4 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына және аудан әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 299 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экология, аграрлық заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Сүлейменов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың XXI
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысының
міндетін атқарушы*

Б. Жайсаңбаев

Ү. Жақашев

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 шілдедегі № 21-2 шешімімен бекітілген қосымша

Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері

№	Көрсеткіштері	Бағасы, теңге (*ҚҚС-сыз)
1	Жеке тұлғаларға айына бір адамнан	73,66

Ескерту: *ҚҚС- қосымша құн салығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ